

Тайыр Жомартбаев

Өмірі мен шығармашылық жолы

Дайындаған: Сапарбек Ақмарал

Тексерген: Көпбаева М.Р.

Тайыр Жомартбаев

- ▶ XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ағартушы-демократтардың ішінде жазықсыз жала жабылып, атылып кеткен Тайыр (шын аты – Тайлақбай) Жомартбаев есімі педагог, жазушы, драматург ретінде қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алады. Ол 1884 жылы Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыстау (қазіргі Абай ауданы), Мұқыр ауылында дүниеге келген. Абай шыққан тобықтының ішіндегі – Көкше руынан. Бір кездегі Мұқыр болысы кеңес өкіметі тұсында «Бірлік» совхозы деп аталды, тәуелсіздік алғаннан кейін бұл жерге «Шәкәрім ауылы» деген ат беріледі.



Т. Жомартбаев қазақ баспасөзі арасындағы осындай айтыс-тартыстың соңы олардың бірінің жабылуына әкеліп соқтырғанына өкініш

білдіріп, жаңада ашылған «Алаш» газетіне өз қуанышын білдіре отырып, «Жасасын Алаш» атты өлеңін жолдаса, кейіннен осы газет Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа к

е «әділ бол!» – деген мақала жазған. Тайыр «Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол» мақаласында газетті бұрынғы баспа лар арасындағы алауыздықтан сақтандырады.

Шығармашылық жолы «Қыз көрелік» романы


- ▶ Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» атты туындысы – қазақ прозасында эпостық әдебиет жанрындағы алғашқы үлгілерінің бірі. Автордың өзі «Қазақ тіліндегі роман» дегенмен, көркем әдебиеттің өркениеттік талаптары тұрғысында қарағанда, бұл шығарма – хикаяттық деңгейдегі туынды. Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар», – деген сөздері осы ойды дәлелдей түсетін сияқты.
- ▶ Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелігі» – көлемі жағынан ұзақ әңгіме деңгейіндегі ағартушылық-әлеуметтік сипаттағы шығарма. Оның ағартушылық реализм көркемдік әдісінің аясында жазушы адамдардың өмірлік мұрат жолындағы күрескерлігін танытуды көздеген және сол заманның мүмкіндігінше авторлық идеясын орындап шыққан. Шығарманың тақырыбы – адамның әлеуметтік ортадағы жан-жақты ізденуге, жетілуге мүмкіндік иеленетін бостандық, идеясы – адамдардың тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастағы ең озат адамгершілік қасиет сапаларын иелену мүмкіндігін таныту.



ТАЙЫР ЖОМАРТБАЕВ

Қыз көрелік

- ▶ Басты кейіпкер – Ғайникамал. Әкесі Ғайсаның егде жасқа келген кездегі туған перзенті Ғайникамал отбасының үлгілі тәлім-тәрбиесімен қалыптасып, одан кейін арнаулы мұғалімнен ауылдас кедей балаларымен бірге білім алады. Жазушының дәстүрлі эпикалық баяндауынан кейіпкердің рухани деңгейі анық: «Сонда Ғайникамал қасындағы бірге оқыған қазақ балаларының жалқаулығына, оқымайтындығына қапа болып, он жасында-ақ ойлап, өлең жазушы еді һәм жаңа шыққан романдарды және Ибраһим Құнанбайұлының жазған өлеңін бек көп оқушы еді».



- ▶ Романның идеялық жаңашылдығы Гайникамалдың әкесі Гайса арқылы да айқын көрінген. Гайса – қыз баланың рухани кемелдену тұғырында болуын тілейтін ізгілік иелерінің жинақталған тұлғасы. Қыз баланы жастайынан атастырып қойып, бағын байлауға қарсы болған осындай озық ойлы әкелер арқылы қазақ ортасында жаңашылдық көзқарасты насихаттау – автордың негізгі суреткерлік ұстанымы. Романның көркемдік түйіндері арқылы автор қазақ қыздарының жан дүниесіндегі рухани еркіндікті сүйетін, өзіндік өнегелі істерімен өмірге ізгілік нұрын шашатын көркем жинақталған тұлғасын ұсынған.

1913 жылы Айқап журналында «Замандастарға қарап» деген өлеңі жарияланса, сол жылы «Қазақ» газетінің 27 нөмірінде «Басқармаға хат» деген мақаласын жариялайды. Қазан төңкерісінің алдында жазған фельетон, мақала өлеңдерінің бір тобы Ташкент қаласында 1916 жылы 26 қарашадан 1917 жылдың 25 мамырына дейін 22 саны жарыққа шыққан «Алаш» газетінде басылған. Тайырдың газеттің жарыққа шығуына қуана жазған «Жасасын Алаш!» өлеңі, сондай-ақ 1917 жылғы №4, 6, 8 сандарына шыққан фельетоны жарық көрді. Фельетонның Ғылым Академиясының сирек кітаптар қорында №6 саны ғана сақталған.

Романның негізгі тақырыбы – қазақ қызының бас бостандығы үшін, өз сүйгеніне қосылу жолындағы күресі. Қазан төңкерісінен кейін жарық көрген өлеңдерінен Тайырдың көзқарасының біраз өзгергендігін байқаймыз. Бұл жерде назар аударарлық мәселе – кезінде ауыл молдасынан, Көкбай ашқан медресе мен Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінен оқып білім алған, Азамат соғысы жылдары алашорда ұйымында молда болған Тайырдың ескі наным-сенімге, дінге, араб жазуына деген көзқарасы. Әр заманның қалыптасқан көзқарасы, сенімі болады. Кеңестік дәуірге дейін халық санасында бас иіп келген дінге сенім, кеңес дәуірінде керексіз болып, келе-келе жұрт жақтырмай, қарсы шыға бастаған кезеңде Тайыр да сол заманның ыңғайына көшіп дінмен, құранмен қоштасуы, социалистік идеологияның көсемін дәріптеуі заңды да еді.



- Тайыр Жомартбаевтың әдеби мұрасы қазақ халқының рухани мәдениетіндегі жаңашыл, ағартушылық эстетика идеясын ұстанған бағыттың көркемдік көрсеткіштері қатарында бағаланады. Оның шығармалары Абай дәстүріндегі қазақ әдебиеті дамуының жаңа ізденістердегі талпынған өркениеттік бағдарын да өз дәрежесінде таныта алады.



- ▶ Т.Жомартбаев оқытушылықпен қоса журналистикамен де айналысып, «Айқап», «Жаңа мектеп» журналдары мен «Қазақ», Алаш» газеттерінде мақала, фельетондар жазып тұрды. Оның «Сары сүйек құда», «Осы ма, қазақ өмірің?» атты пьесалары Зайсан, Семей театрларында қойылған. Кузнецк қаласындағы №23 мектепте жұмыс істеп жүрген кезінде жалған саяси жаламен тұтқындалып, Семейде үштіктің шешімімен ату жазасына кесілген. 1956 жылы ақталды.

